

Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күресте Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 690 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 12 сәуірде № 7558 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 8 желтоқсандағы № 823 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ішкі істер министрінің 08.12.2017 № 823 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күресті ұйымдастыру, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының барлық қызметтері мен бөліністерінің күштері мен құралдарын осы қызметте кешенді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күресте Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің комитеттері төрағалары, департаменттері мен дербес басқармаларының, білім беру ұйымдарының, Астана, Алматы қалаларының және көліктегі ішкі істер департаменттерінің бастықтары қызметтік даярлық жүйесінде жеке құрамның Нұсқаулықты зерделеуін ұйымдастырсын және оның талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау комитеті (А.Н. Выборов) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау комитетіне (А.Н. Выборов) жүктелсін.

5. Осы бұйрық бірінші ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен соң күшіне енеді.

М и н и с т р

полиция генерал-лейтенанты Қ. Қасымов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Білім және ғылым министрі

_____ Б. Жұмағұлов

2012 жылғы 26 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау министрі

_____ С.Қайырбекова

2012 жылғы 15 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

_____ Б. Жәмішев

2012 жылғы 29 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің

төрағасы

_____ Н. Әбіқаев

2012 жылғы 13 наурыз

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2011 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 690 бұйрығымен
бекітілген

**Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың
аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күресте
Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарын ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулық**

Ескерту. Нұсқаулық жана редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2015
№ 330 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң
қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының (бұдан әрі – ПО) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жасау бойынша қызметін регламенттейді, ПО қызметкерлерінің осы саладағы іс-қимылдарын нақтылайды.

2. ПО қызметкерлерінің есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жасау бойынша жұмысын ұйымдастыру кезіндегі азаматтардың құқықтары мен бостандығын бұлжытпай сақтай отырып, заңдылық, ПО бірыңғай жүйесіне, жариялылыққа, құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдармен, лауазымды адамдармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара іс-қимыл жасасу қағидаттарына сәйкес құрылады.

3. ПО-ға мынадай міндеттер жүктеледі:

1) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына ықпал ететін себептер мен шарттарды анықтау және жою;

2) есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларын медициналық емес мақсатта тұтынатын адамдарды анықтау және есепке алу, оларға Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес шаралар қабылдау;

3) есірткі құралдарын, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларын медициналық емес мақсатта тұтынуға жол беретін, сондай-ақ соған байланысты қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдармен профилактикалық жұмыс жүргізу;

4) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорлардың заңсыз айналымы саласында қылмыстық құқық бұзушылықты анықтау, жолын кесу, қылмыстық істерді тергеу. Есірткінің заңсыз айналымынан түскен кірістерді заңдастыру фактілерін анықтау және жолын кесу.

4. Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес қызметін ұйымдастыруда Қазақстан Республикасының заңнамаларын, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі - ПМ) нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа ала отырып, ПО-ның барлық құрылымдық бөліністері өз құзыреттерінің шегінде қатыса алады.

2. Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жасау бойынша ішкі істер органдары қызметтері мен бөліністерінің функциялары

5. Есірткі бизнесіне қарсы күрес бөліністері қызметкерлерінің есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жасау бойынша қызметін ұйымдастыру мақсатында:

1) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымы саласында жедел жағдайды зерделейді және талдайды, олардың даму үрдісін болжауды, оның таралуына қарсы іс-қимылды жүзеге асыруды және кешенді жоспарлауды өткізуді және белгіленген іс-шаралардың орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді;

2) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорлардың заңсыз айналымын анықтау және жолын кесу саласында ПО қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстарды әзірлейді және енгізеді;

3) Қазақстан Республикасының аумағына заңсыз келуіне ықпал ететін себептер мен шарттарды, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының өндірілуіне, сату және таралуына, сондай-ақ азаматтарды медициналық емес тұтынуға тартатын адамдарды анықтайды және талдайды. Белгіленген тәртіпте көрсетілген себептер мен шарттарды жою бойынша мүдделі мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізеді;

4) жедел-ізвестіру қызметінде пайдалану үшін азаматтармен жария немесе жария емес қарым-қатынас орнатады;

5) анықтау, алдын алу және жолын кесу мақсатында мынадай жедел-ізвестіру қызметін іске асырады:

есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды, оның ішінде қызметтік жағдайы, кәсіби қызметі немесе күзетуге байланысты сеніп тапсырылған адамдардың ұрлауын;

есірткі құралдарымен, психотроптық заттармен, олардың аналогтары мен прекурсорлармен, көрсетілген заттар мен құралдарды жеткізу немесе тасымалдау арналарымен байланысты қылмыстық құқық бұзушылық жасаған ұйымдасқан қылмыстық топтар мен ұйымдардың әрекеттерін, не болмаса транзитімен байланысты әрекеттерді;

есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды сатып алу құқығына рецепттерді заңсыз беруді;

есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларын заңсыз дайындауды, өңдеуді, сатып алуды, сақтауды, оның ішінде сату мақсатында тасымалдауды немесе жөнелтуді;

есірткі құралдарын немесе құрамында осындай құралдар немесе заттар бар өңдеуге не болмаса оларды өсіруге тыйым салынған дақылдарды сату немесе дайындау мақсатында егістік салуды немесе өсіруді;

есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларын тұтынуға бейім адамдарды;

есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды тұтыну үшін притондар ұйымдастыруды немесе ұстауды;

есірткінің заңсыз айналымынан түскен кірістерді заңдастыруды анықтау, ескерту және жолын кесу мақсатында жүзеге асырады;

6) құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар бар дәрілік препараттарды өндірумен, сақтаумен және сатумен айналысатын денсаулық сақтау субъектілерінде тексеру жүргізеді;

7) заңсыз есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларын оларды дайындауға арналған шикізаттарды өндіру және пайдалану объектілерін анықтайды;

8) есірткі құралдарының немесе психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымын анықтау және жолын кесу бойынша ПО-ның өзге де бөліністерімен өзара іс-қимыл жасасады;

9) ПМ-нің білім беру ұйымдарымен бірлесіп, жедел-іздігі қызметіндегі оң тәжірибелерді зерделейді және практикада қолданады, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтары және прекурсорлардың заңсыз айналымы саласында ғылыми әзірлемелер және жаңа техникалық құралдар енгізеді;

10) ПМ-нің білім беру ұйымдарымен қызметкерлерді даярлау, біліктілігін арттыру және қайта даярлау мәселелері бойынша іс-қимыл жасасады, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес саласында оқу бағдарламаларын әзірлеуге қатысады;

11) есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларын тұтынудың зияндығы туралы түсіндіру жұмыстарын Қазақстан Республикасының халқы арасында өткізу мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарымен (бұдан әрі - БАҚ) өзара іс-қимыл жасасады;

12) ПО бөліністерінің қызметкерлерімен бірлесіп, есірткі құралдарының немесе психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына түсу көздерін мен арналарын жабуға бағытталған арнайы бағдарламалар мен кешенді жедел-профилактикалық операциялар әзірлейді және жүзеге асырады;

13) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымы саласында заңды тұлғаларға мемлекеттік лицензиялар мен оларға қосымшаларын беруді жүзеге асырады;

14) есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды және прекурсорларды әкелуге, шығаруға және транзитке заңды тұлғаларға рұқсат беруді, сондай-ақ есірткі құралдарын немесе психотроптық заттар мен прекурсорларды экспортқа және импортқа лицензия беруді жүзеге асырады;

15) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына қатысты фактілер мен адамдар туралы автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді және деректер банкіні белгіленген тәртіпте толтырады және пайдаланады;

16) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының контрабандасының жолын кесу бойынша шаралар қабылдау мақсатында, Қазақстан Республикасының қаржы министрлігі мемлекеттік кіріс, ұлттық қауіпсіздік органдарымен, оның ішінде шекара қызметі бөліністерімен іс-қимыл жасауды ұйымдастырады, белгіленген тәртіпте көрсетілген органдардың әрбір құзыретіне жататын құқыққа қарсы қызмет фактілері туралы ақпаратпен өзара алмасуды жүзеге асырады;

17) есірткі бизнесіне қарсы күрес мәселелері бойынша органдармен, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерімен өзара іс-қимыл жасасуды ұйымдастырады, есірткі құралдары, психотроптық заттар, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына қатыстылығы туралы ақпарат бар бас бостандығынан айыру орнынан босаған адамдарға бақылауды жүзеге асырады;

18) халықаралық және мемлекетаралық шарттарға (келісімдерге) сәйкес, тікелей немесе құзырлы органдар арқылы есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жасау мәселелері бойынша шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарымен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жасасады.

19) есірткі құралдары, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларын медициналық емес тұтынатын адамдарға ведомстволық есеп жүргізеді, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылыққа мониторингті жүзеге асырады. Ведомстволық есеп есірткінің заңсыз айналымы саласында қылмыстық құқық бұзушылық жасаған (әкімшілік құқық бұзушылық) адамдар бойынша, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларды тұтыну адамдар бойынша қалыптасады;

20) Қазақстан Республикасы ҚК-нің 303-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстық теріс қылықтар бойынша хаттамалық нысанда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырады.

21) нашақорлықтың алдын алуда құқықтық тәрбиені және құқықтық насихаттауды жүзеге асыруда құзырлы органдармен, мекемелермен, қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасады.

22) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтарының, прекурсорлардың заңсыз айналымына және оны теріс пайдалануға қарсы күресті, оның ішінде "Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс қимыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі № 279 Заңының 2-тарауы 5-бабының 20-тармағын үйлестіреді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 19.05.2016 № 526 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жасауға байланысты ішкі істер органдары қызметі барысында кинологиялық қызмет бөліністерінің қызметкерлері:

1) есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларды табу үшін иттерді іріктеуді және үйретуді жүзеге асырады, кинологтар дайындауды және қайта даярлауды ұйымдастырады және өткізеді;

2) есірткі құралдарымен, психотроптық заттармен, олардың аналогтары мен прекурсорлармен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу және жолын кесу жөніндегі жедел-іздестіру іс-шараларын өткізуге қатысу үшін есірткі бизнесіне қарсы күрес бойынша бөліністердің бастамашылығымен үйретілген қызметтік-іздестіру иттерді пайдаланады:

3) заңсыз есірткі құралдарының, психотроптық заттар, олардың аналогтары және прекурсорлардың заңсыз айналымына түсу арналары мен көздерін жабуға бағытталған кешенді жедел-профилактикалық іс-шаралар өткізуге қатысады;

4) жедел бөліністердің есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларын іздеуге үйретілген қызметтік-іздестіру иттерін тиімді пайдалануы бойынша өзге де қажетті шаралар қабылдайды.

7. Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес барысында криминалдық полиция бөліністерінің қызметкерлері:

1) есірткі бизнесіне қарсы күрес бөліністеріне есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымы саласында құқыққа қарсы іс-қимылдар туралы ақпарат жолдайды;

2) есірткі бизнесіне қарсы күрес бөліністерімен есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларын сатып алуға

қаражат алу мақсатында қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдар туралы ақпаратпен өзара алмасуды жүргізеді;

3) ұйымдасқан қылмыстық топтың жетекшілерін және қатысушыларын оның ішінде өңіраралық және мемлекетаралық байланыс орнатқан топтарды әшкерелеу мақсатында бірлескен жедел-іздігіру іс-шараларын жүзеге асырады;

4) өз құзыреті шегінде есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорлардың заңсыз айналымға түсу арналарын және көздерін жоюға бағытталған арнайы бағдарламаларды және кешенді жедел-профилактикалық операциялар өткізуге қатысады.

8. Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимылды ұйымдастыруды жүзеге асыру кезінде тергеу (анықтау) бөліністерінің қызметкерлері:

1) белгіленген тәртіпте жедел-іздігіру қызметінің нәтижелерімен танысады, олардың мүмкіндігін, олардың уақтылы іске асырылуын бағалайды, жиналған деректерге күдікті адамдардың іс-әрекетіне құқықтық баға берудің ықтимал перспективасына сүйене отырып анықтайды, іздігіру, тергеу, жария емес тергеу амалдары өндірісі туралы міндетті тапсырмаларды және нұсқауларды орындау және тергеу әрекеттері өндірісіне көмек көрсету үшін жолдайды және жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша оған қатысты күдіктілерді тексеру бойынша қажетті процессуалдық іс-қимылдар жүргізеді;

2) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына байланысты қылмыстық істерді Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес (бұдан әрі – ҚР ҚПК), толық, жан-жақты және объективті тергелуін қамтамасыз етеді, оның барысында:

есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының түсу арналарын және көздерін, олармен тыйым салынған іс-әрекеттен алынған қаржының орнын, олардың заңсыз айналымына қатысты анықтау, кінәлілерді жауапкершілікке тарту бойынша шаралар қабылдайды;

есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал еткен себептер мен шарттарды заңдылығының бұзылуын қылмыстық істердің өндірісі бойынша анықтау, немесе қылмыстың және басқа да заң бұзушылықтың жасалуына ықпал ететін жағдайларды жою бойынша меншік нысанына қарамастан, тиісті ұйымдар мен лауазымды адамға ұсыныстар енгізеді, кемшіліктерді жоюға уақтылы бақылау жасайды;

3) қылмыстардың жасалуына мүмкіндік туғызған жағдайларды жою бойынша жазылған ұсынымдарды кәсіпорындар, ұйымдар және мекемелердің лауазымды

адамдарының қараусыз қалдыру фактілері бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы, осы ұсынымға уақтылы жауап беру туралы есептеледі, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы мәселені шешу үшін прокуратура органдарына материалдар жібереді;

4) кәмелетке толмағандардың қатысуымен жасалған есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына байланысты қылмыстық істерді тергеу кезінде, оларды қоғамға қарсы іс-әрекетке тартқан адамдарды анықтайды, ондай адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тартуға шаралар қабылдайды.

5) есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі бөліністерге есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды ескерту және ашу үшін маңызы бар қылмыстық істерді тергеу барысында алынған мәліметтерді уақтылы береді;

6) есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі бөліністердің қызметкерлерімен бірлесіп, бұқаралық ақпарат құралдарына БАҚ-қа (жариялауға) беру үшін нақты қылмыстық істер бойынша ақпараттардың көлемі мен сипатын анықтайды;

7) қылмыстық істерді тергеу барысында есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларды сатып алу мақсатында жасалған қылмыстық құқық бұзушылық фактілерін анықтаған жағдайда, бұл туралы мәліметтерді тиісті статистикалық карточкалардың айқындашлық деректерге енгізеді.

9. Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жасауға байланысты ішкі істер органдары қызметі барысында жедел-криминалистік бөліністер:

1) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларына байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша заттай айғақтарды табу, анықтау, ашу, белгілеу және буып-түюге көмек көрсету үшін жедел-ізвестіру және тергеу іс-шараларын техникалық-криминалистік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

2) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша сараптама тағайындау үшін үлгілерді іріктеу және материалдар дайындауға практикалық және консультативтік көмек көрсетеді.

10. Есірткі құралдарының, психотроптық заттар, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі қызметті ұйымдастыруды жүзеге асыру кезінде әкімшілік полиция бөліністерінің қызметкерлері:

1) құрамында есірткі құралдары немесе психотроптық заттар бар өсімдіктер өсетін жер учаскелерін анықтау кезінде, есірткі бизнесіне қарсы күрес бөліністеріне тиісті ақпарат жолдайды;

2) нашақорлыққа қарсы күреске бағытталған кешенді жедел-профилактикалық іс-шараларды өткізуге қатысады;

3) нашақорлықпен ауыратын адамдарды денсаулық сақтау субъектілеріне жіберу үшін материалдарды ресімдейді;

4) әкімшілік учаскедегі орын алған есірткі ахуалын талдайды және ПО бөліністерінің жедел-профилактикалық қызметінің тиімділігі көтеру бойынша қалалық аудандық орган басшылығына ұсыныстар енгізеді;

5) әкімшілік учаскеде есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларын медициналық емес тұтынуға жол берген адамдарды, оның ішінде кәмелетке толмағандарды, сондай-ақ есірткі құралдарын , психотроптық заттар мен прекурсорларды тұтынатын притондарды анықтайды, тиісінше есірткі бизнесіне қарсы күрес бөліністеріне ақпараттар жолдайды;

6) білім беру ұйымдарына кәмелетке толмағандарды құқықтық тәрбиелеу оның ішінде нашақорлықтың алдын алу бойынша көмек көрсетеді;

7) жасөспірімдерді есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларын немесе уытты заттарды тұтынуға тартатын ата-аналар тарапына немесе басқа да жасы үлкен адамдарға жасөспірімдерге теріс әсер етудің жолын кесу бойынша шаралар қабылдайды;

8) білім беру ұйымдарының оқушылары арасында нашақорлықтың және уытқұмарлықтың алдын алу бойынша есірткі бизнесіне қарсы күрес бөліністерімен іс-шаралар (конференциялар, дәрістер, дөңгелек үстелдер және т.б.) өткізеді және өзара іс-қимыл жасасады;

9) денсаулық сақтау субъектілеріне куәландыруға есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтарын және уытты заттарды медициналық емес тұтынуға жол беретін жасөспірімдерді жібереді;

10) әкімшілік учаскеде оның ішінде патрульдеу бағыттарында, оған жақын орналасқан аумақтағы бекеттерде есірткімен байланысты құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу бойынша уақтылы шаралар қабылдайды, сондай-ақ белгіленген заңнамамен өз құзыреті шегінде әкімшілік өндірісті жүзеге асырады.

11) есірткі бизнесіне қарсы күрес бөліністерін есірткі құралдары, психотроптық заттар, олардың аналогтары мен прекурсорлары айналымында қозғалған әкімшілік өндірістер бойынша тәулік сайынғы ақпаратпен, сондай-ақ есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтарын және прекурсорларды тұтынды деген күдікпен денсаулық сақтау субъектілеріне куәландыруға жеткізілген адамдар туралы мәліметтермен қамтамасыз етеді;

12) есірткі құралдары, психотроптық заттар, олардың аналогтары және прекурсорларды тұтыну фактілері бойынша куәландыруға жіберілген, сондай-ақ диспансерлік есепте тұрған есірткі тұтынушы адамдар бойынша денсаулық сақтау субъектілерімен тоқсан сайын тексеріс жүргізуді жүзеге асырады;

13) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз тасымалдауын анықтауда және жолын кесуде көмек көрсетеді;

14) есірткіге мас күйде көлік құралдарын басқарған жүргізушілерді анықтайды, оларға заңнамамен көзделген шаралар қабылдайды, тиісті ақпаратты есірткі бизнесіне қарсы күрес бөліністеріне жібереді;

15) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қадағалау барысында есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларды заңсыз тасымалдау үшін көлік құралдарын пайдалану туралы ақпарат алынған кезде, мұндай көлік құралдарын қарап тексереді. Көрсетілген немесе ұқсас құралдар немесе заттар табылған жағдайда не жүргізуші мен жолаушыларда олар тұтынған белгілері болған кезде, оларды тексеру үшін аумақтық ПО-ға жеткізеді.

11. Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша ішкі істер органдарының Жедел басқару орталықтары, кезекші бөлімдері:

1) қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу және ашу, оны жасаған адамдарды ұстау бойынша шаралар қабылдау үшін қызметтік полиция жасағын қылмыс жасалған орынға жібереді және уақтылы келіп-жетуіне бақылау жасайды ;

2) оқиға орнын қарау және қылмысты жедел және криминалистік құралдарды пайдалана отырып, қылмыстық құқық бұзушылықты ашу үшін тергеу-жедел топтардың баруын қамтамасыз етеді;

12. Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күресте көші-қон полициясы бөліністерінің қызметкерлері:

1) көші-қон заңнамасын сақтау бойынша шаралар өткізу процесінде медициналық емес есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтарын және прекурсорларды тұтынатын адамдарды, дайындаушыларды, сатушыларды және заңсыз есірткі тұқымдас өсімдіктерді өсіруші адамдарды анықтайды, олар туралы есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі мамандандырылған бөліністерге хабарлайды;

2) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымымен айналысқан Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар туралы

мәліметтер түскен кезде, аталған ақпаратты есірткі бизнесіне қарсы күрес бөліністеріне жібереді.

13. Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтарын және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрес бойынша қызметті ұйымдастыру кезінде көліктегі ішкі істер органдары бөліністерінің қызметкерлері:

1) есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларды заңсыз темір жол немесе әуе көліктерімен тасымалдап жүрген адамдарды, жеке тінту, қол жүгі мен багажын қарау, сақтау камераларын тексеру арқылы анықтап, ұстайды;

2) есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларды заңсыз сақтау және тасымалдау үшін пайдаланылуы мүмкін стационарлық объектіге және жылжымалы құрамға, сондай-ақ олармен заңсыз операция жасауға бақылау жасауды іске асырады;

3) медициналық емес есірткі құралдарын, психотроптық заттар, олардың аналогтары мен прекурсорларды тұтынатын адамдарды, көлік объектілерінде немесе қызмет көрсететін аумақта тұратын адамдарды, анықтау бойынша шаралар қабылдайды;

4) қызмет көрсететін аумағында есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымымен байланысты қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтарды ашу және анықтау бойынша жұмыстар жүргізеді, аумақтық ПО-мен тығыз жұмыс жасасуды қамтамасыз етеді және бірлескен жедел-ізвестіру іс-шараларын жүзеге асырады.

14. Ішкі істер органдарының өзіндік қауіпсіздік бөліністері есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымында ішкі істер органдары қызметкерлерінің қатысу фактілерінің жолын кесу бойынша жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асырады, сондай-ақ есірткі құралдарын және психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларын тұтынатын полиция қызметкерлерін анықтау бойынша шаралар қабылдайды.

15. Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жасауға байланысты ішкі істер органдары қызметін ұйымдастыру барысында Ұлттық ұланның әскери полиция бөліністері қызметкерлері:

1) есірткі құралдарының, психотроптық заттар, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымы саласында Ұлттық ұлан қызметкерлерінің

әскери қызметшілері жасаған қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтарының алдын алу, анықтау және жолын кесу бойынша жұмыстарды ұйымдастырады;

2) есірткі құралдарын, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларын әскери қызметшілер арасында жеткізу және таратумен айналысатын адамдарды анықтайды, оларды әшкерелеу бойынша қажетті іс-шаралар өткізеді, оның ішінде ПО-ның басқа да жедел қызметтерімен өзара іс-қимыл жасасады.

16. Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес бойынша қызметті ұйымдастыру барысында Ұлттық ұлан қызметкерлері:

1) патрульдік бағыттарда есірткі құралдарын, психотроптық заттары мен прекурсорлар өндірілетін және сақталатын объектілерге адамдардың санкциясыз ону әрекеттерінің жолын кеседі;

2) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымының арналары мен түсу жабуға бағытталған кешенді жедел-профилактикалық іс-шаралар өткізуге қатысады;

3) Қылмыстық атқару жүйесі (бұдан әрі - ҚАЖ) мекемелерінің жедел және режимдік бөліністерімен бірлесіп, мекемелерінде есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының енуін және таралуын анықтау бойынша алдын алу іс-шараларын жүзеге асырады.

4) есірткі бизнесіне қарсы күрес бөліністеріне патрульдік бағыттарда анықталған және есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларын тұтынуды деген күдікпен денсаулық сақтау субъектілеріне куәландыруға жеткізілген адамдар туралы тәулік сайынғы мәліметтерді жолдауды қамтамасыз етеді;

17. Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жасауға байланысты ішкі істер органдары қызметін ұйымдастыру барысында ПМ-нің білім ұйымдарының қызметкерлері:

1) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жасау, сондай-ақ ПО қызметкерлерін даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру бойынша жедел-қызмет жұмыстарын жүргізу бойынша курсанттар оқытуды жүзеге асырады;

2) ПМ Есірткі бизнесіне қарсы күрес департаментімен (бұдан әрі - ЕБҚКД) бірлесіп, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес бойынша ПМ-нің білім ұйымдарында оқыту бағдарламаларын әзірлейді;

3) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымының жолын кесу бойынша тәжірибелерді зерделеуге және жинақтауға көмек көрсетеді, оны оқу процесінде пайдаланады;

4) мүдделі мемлекеттік органдарымен, қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау үшін, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымы проблемаларын кешенді ғылыми зерттеуді жүзеге асырады және олардың нәтижелері негізінде ғылыми-негізделген ұсынымдар, әдістемелік шолулар әзірлейді.

5) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жасау мәселелері бойынша ПМ-нің нормативтік құқықтық актілерінің дайындығына қатысады.

18. Мемлекеттік күзет қызметі бөліністері шекаралық бекеттерде есірткінің заңсыз айналымына байланысты құқық бұзушылықтардың жолын кесуді қамтамасыз етеді.

19. Мемлекеттік тіл және ақпарат бөліністері:

1) есірткі бизнесіне қарсы күрес, тергеу (анықтау) бөліністері қызметкерлерімен бірлесіп, БАҚ беретін ақпараттың көлемі мен сипаты туралы шешім қабылдайды;

2) нашакорлық және есірткі бизнесіне қарсы күрес проблемаларын БАҚ-та жариялауда есірткі бизнесіне қарсы күрес бөліністеріне көмек көрсетеді, халыққа есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларын алу фактілері, олардың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілік туралы хабарлайды;

3) есірткі бизнесіне қарсы күрес бөліністері қызметкерлерінің БАҚ-та халық арасында есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларды пайдаланудың зияндығы туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізуге көмек көрсетеді.

20. Қазақстан Республикасындағы Интерполдың Ұлттық орталық бюросы:

1) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жасау желісі бойынша шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарымен сұрау салулармен алмасуды, сондай-ақ осындай сұрау салуларды орындауды қамтамасыз етеді;

2) шет елдердің есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымының жолын кесу бойынша оң тәжірибелері туралы ақпаратты, осындай құралдардың және заттардың заңсыз айналымы саласындағы әлемдегі ахуалының шолуы және Интерполдың арналары арқылы келіп түсетін өзге де ақпаратты жинақтайды және есірткі бизнесіне қарсы күрес бөліністеріне жолдайды.

21. Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күресте жөніндегі қызметті ұйымдастыру барысында ҚАЖ мекемелерінің қызметкерлері:

1) ҚАЖ мекемелеріндегі ұсталған адамдар арасында есірткі құралдарын және психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларының медициналық емес мақсатта қолдануының жолын кесу бойынша жұмысты ұйымдастырады, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына байланысты қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтарды ашуда қалалық, аудандық органдарға көмек көрсетеді;

2) есірткі құралдарың, психотроптық заттардың, олардың аналогтарының ҚАЖ мекемелеріне келіп түсу арналарын анықтау және жабу жөніндегі жедел-іздігіру және озгеде іс-шараларды әзірлейді және жүргізеді, бұл үшін ішкі объектілік қадағалауды, пошта хат-хабарларына цензураны, сотталушылардың өндірістік және тұрғын-жай аймағындағы мекенжайларын, мекемеге әкелінген көліктер мен жүктерді, сотталушылардың тұрғын үй-жайларын, мекемеге кездесуге келген сотталушылардың туыстары мен басқа адамдарды, сондай-ак сотталғандарды күзетуші Ұлттық ұланның әскери қызметкерлерін қарап, тексереді және оларды қадағалауды жүзеге асырады;

3) ҚАЖ мекемелеріндегі медицина қызметкерлерінің сотталғандарға үшін қолданылатын есірткі құралдары мен психотроптық заттарды сақтаудың, есепке алуның және жұмсаудың белгіленген тәртібін сақтауын бақылау жүргізеді;

4) есірткі бизнесіне қарсы күрес арнайы бөліністерімен тығыз байланыс жасай отырып, есірткі және психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашуды жүзеге асырады, аралас қауіпсіздік мекемелерінде тергеуде отырған адамдардың қылмысын және олардың бостандықта қалған адамдарымен қылмыстық байланысын анықтайды;

5) ҚАЖ мекемелерінен босатылуға жататын, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларды пайдалануға бейім сотталғандардың ықтимал криминалдық мінез-құлық туралы ақпарат жинауды жүзеге асырады оны қажетті жедел және алдын алу іс-шараларын жүргізу үшін қалалық, аудандық, желілік органдарға жолдайды.

3. Профилактикалық қызметті жүргізу ерекшеліктері

22. Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына байланысты құқық бұзушылықтың жалпы алдын алу көрсетілген құқық бұзушылықтың болу мүмкіндігіне жол

бермеу немесе оның жасалуын қиындататын іс-шараларды іске асыру арқылы ерекше криминогендік жағдайларды анықтауды білдіреді.

Мұндай мән-жайларды анықтау белгілі бір өңірде белгілі бір уақытта жасалған есірткі құралдарымен, психотроптық заттары, олардың аналогтары мен прекурсорлары байланысты құқық бұзушылықты криминологиялық талдау жолымен қол жеткізіледі. Оларды жою тікелей ПО қызметкерлерінің құзыреті шегінде не ұйымдарға, мекемелерге нақты мақсатты бағытталған ұсыныстар енгізумен жүзеге асырылады. Ұсынылатын ұсыныстар есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес желісі бойынша жедел жағдайға сәйкес келуі тиіс.

Ішкі істер органдары жүргізетін жалпы профилактикалық іс-шаралар:

есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес саласы бойынша жедел жағдайды, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары бойынша нашақорлықпен байланысты көріністерді жария түрде талқылауға іс-шаралар қабылдау;

халық арасында нашақорлықтың қоғамдық қаупі, оның адам денсаулығына зияны, заңнамалық актілер және оларды бұзуға құқықтық салдары туралы түсіндірме жұмыстарын жүзеге асыру;

есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз таралу көздерін және арналарын анықтау, жабу, олармен байланысты басқа да қылмыс түрлерінің жолын кесу мақсаты болып табылатын (ауданішілік, ауданаралық, облыстық, мемлекетаралық) ПО барлық қызметтерінің жеке құрамы қатыстырылатын кешенді жоспардың үлгілік негізінде жүзеге асырылатын "Көкнәр", "Допинг", "Арна" және басқа да кешенді жедел-алдын алу операцияларын өткізу болып табылады.

23. Есірткі құралдары таралуының жолын кесу мақсатында ішкі істер органдары жыл сайын "Көкнәр" шартты атауымен, кең көлемді жедел-алдын алу операцияларын өткізеді, оның барысында мыналарға бағытталған іс-шаралар жүзеге асырылады:

жабайы өсетін қарасора дайындаушылардың жолын бөгеу, өсінділерін жою;
есірткі дайындауды, шығаруды және әкелуді анықтау және жолын кесу;

есірткі тұтынуға бейім адамдарды анықтау және оларды алдын алу есебіне қою;

есірткімен байланысты құқық бұзушылықтардың жолын кесуде мүдделі министрліктер мен ведомстволар арасында тиімді өзара іс-қимыл жасасуды ұйымдастыру;

есірткі өндіруші қылмыстық топтарды, есірткі құралдарын сатушыларды және тасымалдаушыларды анықтау және жедел әзірлеу;

есірткі құралдарын және психотроптық заттардың заңсыз айналымға түсуін шекаралас мемлекеттердің арнайы қызметтерімен анықтау және жою.

Аталған операцияларды ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ есеп беру нысаны ИМ бұйрығымен бекітіледі.

24. Жыл сайынғы "Допинг" жедел-алдын алу операциясы денсаулық сақтау субъектілерінде және өнеркәсіптік кәсіпорындарда есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымы саласындағы тәртіп бұзушылықты анықтау және жолын кесуге бағытталған.

Операция барысында мыналар бойынша іс-шаралар іске асырылуы қажет:

есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың талан-таражға түсірудің алдын алу, сондай-ақ аталған құралдар мен заттардың заңсыз айналымына жедел бақылауды ұйымдастыру;

химиялық-фармацевтік өнеркәсіп объектілерінен және денсаулық сақтау субъектілерінен құрамында есірткі бар препараттардың талан-таражын анықтау және жолын кесу;

есірткі, психотроптық дәрілік құралдар мен прекурсорларды есепке алудың, сақталуын және берілуін бұзуды анықтау, тәртіп бұзушыларға қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік шараларын қабылдау;

белгіленген есірткі құралдарымен, психотроптық заттар және прекурсорлармен, оның ішінде өнеркәсіптік кәсіпорындарда жұмыс істеу ережесін бұзудың жолын кесу;

есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды алуға жалған медициналық медициналық рецептерді және басқа да құжаттарды жасау фактілерін анықтау және бұған қатысты адамдарды анықтап, оларды жауапкершілікке тарту.

Денсаулық сақтау субъектілерін, химфармкәсіпорындарын және басқа да объектілерді, олардың есірткі құралдарымен және психотроптық заттармен жұмыс істеудің белгіленген ережелерді сақтауына тұрақты тексеріс жасау аталған санаттың құқық бұзушылығының алдын алуда негізгі мәнге ие.

Өндіріске тексеріс жүргізу кезінде есірткі сақтау, есепке алу шартын, олардың мұндай тәртіпті регламенттейтін қағидаларың сәйкестігі мұқият зерделенеді. Тексеріс есірткі құралдары мен психотроптық заттардың келген және босатылған құжаттарын зерттейді; есірткі құралдары мен психотроптық заттардың санымен дәрі тағайындау туралы дәрігердің ауру тарихына жазған шығындалған бланкідегі жазбамен сәйкестігін салыстыру; есірткі құралдары мен психотроптық заттардың және оларға рецептуралық бланктің шектеулі сақтау нормаларын сараптау, басқа да бірқатар мәселелер.

"Допинг" операциясы бірнеше кезеңмен кемінде тоқсанына 1 рет өткізіледі.

"Допинг" жедел-профилактикалық нәтижелері туралы мәліметтер осы Нұсқаулық 1-қосымшаға сәйкес кесте түрінде Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД-нің Есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармалары (бұдан әрі – ПД ЕБҚКБ) ИМ Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау департаментіне жолданады.

4. ПО қызметкерлерінің жеке-профилактикалық жұмыстар жүргізуі

25. ПО қызметкерлері есірткі құралдарын, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз тұтынатын адамдарға қатысты жеке-профилактикалық жұмысты жүзеге асырады.

Оларды құрайтын негізгі элементтер:

медициналық емес есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды тұтынуға мүмкіндік туғызушы себептер мен жағдайларды жою;

есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларына заңсыз тұтынатын адамдарды анықтау және белгіленген тәртіппен ПО-ға есепке қою;

олардың одан арғы тәртібіне бақылау жасауды жүзеге асыру;

профилактикаланатын адамдарды есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларын тұтынудан және осы бағытта құқықтық тәртіп бұзушылық жасаудан өз еркімен бас тартуға жетелеу мақсатында тәрбиелік, медициналық, құқықтық және алдын алу сипатындағы басқа да шараларды қабылдау болып табылады.

26. Жеке-профилактикалық жұмыстары мыналарға:

құқықтық қызметке қарсы біріккен есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларды сатып алу және оларды бірге тұтыну мақсатында біріккен кәмелетке толмағандардың, не болмаса жастардың формалдық емес топтарына;

заңсыз тыйым салынған өсімдіктердің егісі немесе өсіргені үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылған адамдарға;

денсаулық сақтау субъектілерінде еңбекке тарта отырып, мәжбүрлеу және медициналық-әлеуметтік бейімдеуден өтіп жатқан немесе өткен есірткіге тәуелді адамдарға;

жазасын өтеу мерзімі кейінге қалдырылған немесе түзеу жұмысына шартты түрде жазаланған сотталушыларға, сондай-ақ жаза тағайындалмай сотталғандарға;

есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымымен байланысты қылмыстары үшін түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан, сондай-ақ жазасын өтеген сотталғандарға;

есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорлардың заңсыз тұтынуға және олармен байланысты құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін профилактикаланатын адамдарға қатысты жүргізіледі.

27. Құқық бұзушылықтың жеке профилактикалық шаралары ол адамдардың жасаған құқық бұзушылығының сипатын, қоғамдық қауіпсіздік дәрежесі ескеріле отырып, анықталады.

28. ПО-да есепте тұрған адамдармен жеке-профилактикалық жұмыстары алдын алу ықпал етуді әзірлеуге және жүргізуге тікелей қатысқан дәрігер-наркологтың ұсынымы ескеріле отырып, жоспарланады және іске асырылады.

29. Адамдарды ПО-ға алдын алу есебіне қою "Ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V Заңының 6-бабы 2-тармағының 29 және 30-тармақшаларына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Есірткі құралдарын, психотроптық заттар, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимылда ПО қызметтерінің өзара іс-қимыл жасасуы

30. Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жасасуды ұйымдастыру кезінде тиімділікке жету және нәтиженің сапасы үшін бірден-бір қажетті шарттар ПО бөліністерінің және қызметтерінің өзара іс-қимыл жасасуы болып табылады.

Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жасасу бойынша нақты міндеттер жүктелген ведомстволық нормативтік құқықтық актілерімен ПО бөліністеріне және қызметтеріне өзара бірлесіп іс-қимыл жасасу кезінде ескеру қажет.

Бұл ретте негізгі өзара іс-қимыл жасасу қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға және алдын алуға, әртүрлі операцияларға, рейдтерге, жедел-ізвестіру іс-шараларына қатысуға бағытталған жоспарлы, мақсатты бағытталған бірлескен шараларды жүзеге асыру болып табылады.

31. Кешенді іс-шаралар жоспарлаудың алғы шарты аналитикалық жұмыс, оның барысында есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі бөліністер. Осы көріністің таралуына ықпал ететін жасырын үрдістерді, себептер мен жағдайларды уақтылы анықтау мақсатында жедел жағдайға талдау жасайды.

6. Ақпаратпен алмасу бойынша ақпараттық қамтамасыз ету және өзара іс-қимыл жасау

32. Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларды заңсыз айналымын анықтау және жолын кесу саласында есепке алуды қалыптастыру және пайдалану бойынша қызметті ұйымдастыру үш деңгейде ведомстволық, ведомствоаралық және мемлекетаралық жүзеге асырылады.

33. ПМ ЕБҚҚД Ақпараттық-аналитикалық орталықпен, басқа да мүдделі қызметтермен, сондай-ақ олардың аумақтық бөліністерімен бірлесіп, ПМ Біріктірілген деректер банкінде есірткі бизнесіне қарсы күрес саласы бойынша мынадай жедел-анықтамалық есепке алуды қалыптастыруды қамтамасыз етеді:

"Есірткілер" - Алфавиттік карта (Фигурант),

"Есірткілер" - Факт (Оқиға),

"Есірткілер" - Трест (Кәсіпорын)

"Есірткі заттары"

34. ПМ ЕБҚҚД алыс және жақын шетелдердің құқық қорғау және арнайы органдарымен ақпарат алмасу, ақпараттық қызметті ұйымдастыру халықаралық шарттар шеңберінде жүзеге асырылады.

7. Статистикалық есеп беру және қызметтің тиімділігін талдау

35. Қазақстан Республикасында есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымы саласындағы жедел жағдайды, қылмыс динамикасын, жедел жағдайды бағалау үшін негіз болып, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және Көліктегі ПД бөліністері жұмыстарының нәтижелері туралы мәліметтер (2-қосымша), сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті беретін ресми статистикалық мәліметтер болып табылады.

36. Есірткі ахуалы туралы жиналған материалдарды талдау және жинақтау нәтижелері бойынша қажет болған жағдайда, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл бойынша қосымша шаралар қабылданады.

37. Ішкі істер органдары қызметінің тиімділігін талдау ағымдағы және өткен есеп беру кезеңдеріндегі Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және Көліктегі ПД бөліністерінің есірткінің заңсыз айналымына байланысты қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың жолын кесу бойынша жұмыстарының нәтижелері туралы мәліметтерге сәйкес есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес нәтижелеріне салыстырмалы талдау жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

Облыстардың және Көліктегі ПД	тәркіленді, олардың ішінде			денсаулық сақтау объектілері бар	өнеркәсіптік кәсіпорындары бар	олардың ішінде		есірткілердің заңды айналымы саласында бақылау жүргізетін қызметкерлердің штаттық саны	ПО бас қызметкері қызметке әрекет еті
	Прекурсорлар					прекурсорлар өндіретін	прекурсорлар пайдаланатын		
	м / литр	амп .	гр .						
2	37	38	39	40	41	42	43	44	45

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарымен есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары және прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күресті ұйымдастыруы жөніндегі нұсқаулыққа 2-қосымша

БЕКІТЕМІН

ПД бастығының бірінші орынбасары

 (Т.А.Ә., атағы, қолы)
 20 жылғы " ____ " _____

Есірткілердің заңсыз айналымымен байланысты қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың жолын кесу бойынша _____ ПД бөліністерінің қызмет нәтижелері туралы 20__ жылдың МӘЛІМЕТТЕР

р/с №	Көрсеткіштердің атаулары	Барлығы	ЕБҚКБ		КПБ		ҰҚҚКБ		ЭҚКІ
			алдыңғы	ағымдағы	алдыңғы	ағымдағы	алдыңғы	ағымдағы	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Тіркелген қылмыстар барлығы								
1.1	оның ішінде	өткізу немесе өткізу мақсатында							
2	Тәркіленген есірткі барлығы (гр. есебімен)								
2.1		героин							
2.2		марихуана							

2.3	оның	гашиш							
2.4	ішінде	апиын							
3	ҚК 286-бабы								
3.1	1-б.								
3.2.1		2-б. 1-т.							
3.3	оның	3-б.							
3.4	ішінде	4-б.							
4	ҚК 296-бабы								
4.1	1-б.								
4.2	2-б.								
4.3	3-б.								
4.4	4-б.								
5	ҚК 297-бабы								
5.1	1-б.								
5.2	2-б.								
5.3	3-б.								
5.3.1		3-б. 1-т.							
5.3.2		3-б. 2-т.							
5.3.3	оның	3-б. 3-т.							
5.3.4	ішінде	3-б. 4-т.							
5.4		4-б.							
6	ҚК 298-бабы								
6.1	1-б.								
6.2	2-б.								
6.2.1		2-б. 1-т.							
6.2.2	оның	2-б. 2-т.							
6.2.3	ішінде	2-б. 3-т.							
6.2.4		2-б. 4-т.							
6.3	3-б.								
6.3.1		3-б. 1-т.							
6.3.2	оның	3-б. 2-т.							
6.3.3	ішінде	3-б. 3-т.							
6.4	4-б.								
7	ҚК 299-бабы								
7.1	1-б.								
7.2	2-б.								
7.2.1		2-б. 1-т.							
7.2.2		2-б. 2-т.							
7.3		3-б.							
7.3.1		3-б. 1-т.							
7.3.2	оның	3-б. 2-т.							
7.3.3	ішінде	3-б. 3-т.							

7.4	7.4								
8	ҚК 300-бабы								
8.1	1-б.								
8.2	2-б.								
8.2.1		2-б. 1-т.							
8.2.2	оның ішінде	2-б. 2-т.							
8.2.3		2-б. 3-т.							
9		ҚК 301-бабы							
9.1	1-б.								
9.2	2-б.								
9.3	3-б.								
9.3.1		3-б. 1-т.							
9.3.2	оның ішінде	3-б. 2-т.							
9.3.3		3-б. 3-т.							
9.4		4-б.							
10	ҚК 302-бабы								
10.1	1-б.								
10.2	2-б.								
10.2.1		2-б. 1-т.							
10.2.2	оның ішінде	2-б. 2-т.							
10.2.3		2-б. 3-т.							
11		ҚК 303-бабы							
11.1	1-б.								
11.2	2-б.								
12	ҚК 322-бабы								
12.1	5-б.								
13	Есірткі қылмысы үшін ұсталған адамдардың барлығы								
13.1	оның ішінде	ҚР азаматы							
13.2		азаматтығы жоқ адамдар							
13.3		шетел азаматтары							
13.3.1			Т М Д азаматтары						
13.3.1			оның ішінде	алыс шетел азаматтары					
14	Есірткі қылмысы үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған адамдардың барлығы								
14.1		ҚР азаматы							
14.2		азаматтығы жоқ адамдар							

14.3		шетел азаматтары								
14.3.1	оның ішінде		Т М Д азаматтары							
14.3.2		оның ішінде	алыс шетел азаматтары							
15	Есірткі қылмысын жасағаны үшін іздестіруде жүрген адамдардың барлығы									
15.1		жыл басынан бері іздеуде жүргендер								
15.2	оның ішінде	есептік кезеңде іздестіруге жарияланған								
16	Есірткі қылмысы үшін іздестіруде болған табылған адамдардың барлығы									
16.1	оның ішінде	жыл басынан бері табылғандар								
16.2		есептік кезеңде табылғандар								
17	Тіркелген әкімшілік құқық бұзушылықтың барлығы									
18	ӘҚБтК 420-бабы									
19	ӘҚБтК 421-бабы									
20	ӘҚБтК 422-бабы									
20.1	1т.									
20.1.1		көңіл көтеру орындары иелері жасаған								
20.1.2	оның ішінде	білім беру ұйымдарының лауазымды адамдары жасаған								
20.2	2т.									
20.2.1	оның ішінде	әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған								
21	ӘҚБтК 423-бабы									
21.1	1т									
21.2	2т									
22	ӘҚБтК 427-бабы									
22.1	1т.									
22.2	2т.									
23	ӘҚБтК 608-бабы									

24	Әкімшілік жауапкершілікке тартылған жеке және заңды тұлғалардың барлығы									
24.1	Әкімшілік жауапкершілікке тартылған жеке тұлғалар									
24.1.1	оның ішінде	айыппұл қолдана отырып								
24.1.2		әкімшілік қамау қолдана отырып								
24.2	оның ішінде	әкімшілік жазаға тартылған заңды тұлғалардың барлығы								
24.2.1		айыппұл қолдана отырып								
24.2.2		қызметін тоқтата отырып								
24.2.3		қызметіне тыйым салына отырып								

Келісілді
ІД ЕБҚКБ
бастығы

Келісілді
ІД КПБ
бастығы

Келісілді
ІД ҰҚҚКБ
бастығы

Келісілді
ІД ӘҚКББ
бастығы

Келісілді
ІД ӘПБ
бастығы

Келісілді
ІД КҚО
бастығы

(Т.А.Ә.,
атағы,
қолы)
20 жылғы
" " _____

(Т.А.Ә.,
атағы,
қолы)
20 жылғы
" " _____

(Т.А.Ә.,
атағы,
қолы)
20 жылғы
" " _____

(Т.А.Ә.,
атағы,
қолы)
20 жылғы
" " _____

(Т.А.Ә.,
атағы,
қолы)
20 жылғы
" " _____

(Т.А.Ә.,
атағы,
қолы)
20 жылғы
" " _____